# Туризм статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2016 жылғы 30 қарашадағы № 285 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 26 желтоқсанда № 14574 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2017 жылғы 8 қарашадағы № 161 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 08.11.2017 № 161 бұйрығымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 3) және 8) тармақшаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағы 260) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Мыналар:

1) "Орналастыру орындарыны ң қызметі туралы есеп" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 221103001, индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) "Орналастыру орындарыны ң қызметі туралы есеп" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 221103001, индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) "Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны (коды 222112003, индексі Н-050, кезеңділігі жылдық) осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес;

4) "Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың

статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 222112003, индексі Н-050, кезеңділігі жылдық) осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес;

5) "Келушілерді зерттеу сауалнамасы" жалпымемлекеттік статистикалы қ байқаудың статистикалық нысаны (коды 222110002, индексі Н-060, кезеңділігі жылына 2 рет) осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес;

6) "Келушілерді зерттеу сауалнамасы" жалпымемлекеттік статистикалы қ байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 222110002, индексі Н-060, кезеңділігі жылына 2 рет) осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Туризм статистикасы бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары мен оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 2 қыркүйектегі № 136 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 12141 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 қазанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық ресми жариялауға жатады және 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы Н. Айдапкелов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының
2016 жылғы 30 қарашадағы
№ 285 бұйрығына 1-қосымша

**Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді**
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

**Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны**
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Приложение 1
к приказу Председателя
Комитета по статистике
Министерства
национальной экономики
Республики Казахстан
от 30 ноября 2016 года № 285

**Аумақтық статистика органына тапсырылады**
Представляется территориальному органу статистики

**Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады**
Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz

| **Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)**<br>Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1 сағатқа дейін**<br>до 1 часа | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | **40 сағаттан артық**<br>более 40 часов |

**Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына анық емес деректерді ұсыну және алғашқы статистикалық дер бұзушылықтар болып табылады.**
Представление недостоверных и непредставление первичных статистических данных в соответствующие орган Казахстан "Об административных правонарушениях".

**Статистикалық нысан коды 221103001**
Код статистической

**Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп**

ф о р м ы
221103001

**2-туризм** Отчет о деятельности мест размещения

| | | |
|---|---|---|
| **Тоқсандық** | **Есепті кезең** | |
| Квартальная | Отчетный период | |

**Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) – 55-кодына сәйкес негізгі және қосал немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер тапсырады.**

Представляют юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения, индивидуальные пред согласно коду Общего классификатора видов экономической деятельности (далее - ОКЭД) – 55.

**Тапсыру мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі 25-ші күнге (қоса алғанда) дейін**

Срок представления – до 25 числа (включительно) после отчетного периода

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **БСН коды** код БИН | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **ЖСН коды** код ИИН | | | | | | | | | | | | |

## 1. Орналастыру орны туралы жалпы мәліметтер

Общие сведения о месте размещения

| | |
|---|---|
| **1.1 Орналастыру орнының нақты орналасқан жерін көрсетіңіз (оның тіркелген жеріне қарамастан) - облыс, қала, аудан, елді мекен** Укажите фактическое местонахождение места размещения (независимо от места его регистрации) - область, город, район, населенный пункт | |
| **Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес аумақ коды (статистика органының қызметкері толтырады**) Код территории согласно Классификатору административно-территориальных объектов (КАТО) (заполняется работниками органа статистики) | |
| **1.2 Орналастыру орнының нақты жүзеге асырылатын экономикалық қызметтің негізгі түрінің атауы мен кодын Экономикалық қызмет** | |

**түрлерінің номенклатурасына сәйкес (ЭҚЖЖ бойынша код) көрсетіңіз**
Укажите наименование и код фактически осуществляемого основного вида экономической деятельности места размещения, согласно Номенклатуре видов экономической деятельности (код по ОКЭД)

**1.3 Орналастыру орнының бірегей коды** [1]
Уникальный код места размещения

**1.4 Сіздің орналасқан орныңыз жататын курорттық аймақтың реттік нөмірін көрсетіңіз**
Укажите порядковый номер курортной зоны, к которой относится Ваше место размещения

## 2. Орналастыру орындарының сипаттамасы

Характеристика мест размещения

"✓" белгісімен жауаптың тиісті нұсқасы белгіленеді

Отмечается знаком "✓" соответствующий вариант ответа

**А. Орналастыру орнының түрі:**
Тип места размещения:

☐ **2.1 мейрамханасы бар қонақ үй**
гостиница с рестораном

☐ **2.2 мейрамханасы жоқ қонақ үй**
гостиница без ресторана

☐ **2.3 демалыс үйі**
дом отдыха

☐ **2.4 мотель**

☐ **2.5 демалыс пансионаты**
пансионат отдыха

☐ **2.6 балалар лагері**
детский лагерь

☐ **2.7 бір қабатты бунгало, ауылдық үйлер (шале), коттедждер, шағын үйлер және пәтерлер**
одноэтажные бунгало, сельские домики (шале), коттеджи, небольшие домики и квартиры

☐ **2.8 трейлерлік парктер, ойын-сауық қалашықтары, қысқа мерзімді орналастыру үшін аң аулайтын және балық аулайтын жерлер**

трейлерные парки, развлекательные городки, охотничьи и рыболовные угодья для краткосрочного размещения

☐ **2.9 туристік лагерь**
туристский лагерь

☐ **2.10 туристік база**
туристская база

☐ **2.11 кемпинг**
кемпинг

☐ **2.12 басқа тұрғын үй түрлері**
другие виды жилья

**Б. Қонақ үй дәрежелері:**
Категория гостиницы:

☐ **1.1 * (1 жұлдызды)**
* (1 звезда)

☐ **1.2 ** (2 жұлдызды)**
** (2 звезды)

☐ **1.3 *** (3 жұлдызды)**
*** (3 звезды)

☐ **1.4 **** (4 жұлдызды)**
**** (4 звезды)

☐ **1.5 ***** (5 жұлдызды)**
***** (5 звезд)

☐ **1.6 санаты жоқ қонақ үй**
без категории

**Ескертпе:**

Примечание:

[1] **Орналастыру орнының тізіліміне сәйкес**

Согласно реестру мест размещения

**3. Орналастыру орындары туралы келесі ақпаратты көрсетіңіз**
Укажите следующую информацию по местам размещения

| **Жол коды** Код строки | **Көрсеткіш атауы** Наименование показателя | **Барлығы** Всего | **Жол коды** Код строки | **Көрсеткіш атауы** Наименование показателя | **Барлығы** Всего |
|---|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | А | Б | 1 |
| 1 | **Есепті кезеңдегі орташа алғанда қызметкерлердің тізімдік саны, адам** Списочная численность работников в среднем за отчетный период, человек | | 4 | **Бөлмелер саны барлығы, бірлік** Количество номеров всего, единиц | |
| | | | | **одан:** из них: | Х |
| 1.1 | **одан әйелдер** из них женщины | | 4.1 | **апартаменттер** апартаментов | |
| 2 | **Маусымдық қызметкерлердің саны, адам** Численность сезонных работников, человек | | 4.2 | **"люкс" сыныбындағы** класса "люкс" | |
| 3 | **Көрсетілген қызмет көлемі, мың теңге** Объем оказанных услуг, тысяч тенге | | 4.3 | **стандарт бөлмелер** стандартных номеров | |
| 3.1 | **резиденттерге** резидентам | | 4.4 | **жайлылықтары жоқ** без удобств | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3.2 | **резидент еместерге**<br>нерезидентам | | 5 | **Біржолғы сыйымдылық, төсек-орын**<br>Единовременная вместимость, койко-мест | |
| | | | 6 | **Тапсырылған бөлмелер саны, бірлік**<br>Количество сданных номеров, единиц | |
| | | | 7 | **Тәулік-төсектің орташа құны, теңге**<br>Средняя стоимость койко-суток, тенге | |

## 4. Келушілер бойынша ақпаратты көрсетіңіз[2]

Укажите информацию по посетителям

| **Жол коды**<br>Код строки | **Көрсеткіштердің атауы**<br>Наименование показателей | **Келушілер, барлығы, адам**<br>Посетителей, всего, человек | **Соның ішінде сапар мақсаттары бойынша**<br>В том числе по целям поездок | | **1-бағаннан түнейтін келушілер (туристер)**<br>Из графы 1 ночующие посетители (туристы) | **Ұсынылған төсек-тәулік (түнеулер), тәулік-төсек**<br>Предоставлено койко-суток (ночевок), койко-суток |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | **жеке**<br>личные | **іскерлік және кәсіби**<br>деловые и профессиональные | | |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | **Барлығы**<br>Всего | | | | | |
| 1.1 | **Резиденттер (Қазақстан Республикасы)**<br>Резиденты (Республика Казахстан) | | | | | |
| 1.2 | **Резидент еместер**<br>Нерезиденты | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |
| | | | | | | |

**Ескертпе:**

Примечание:

[2] **1.2 тармағын толтыру кезінде қосымша парақтар пайдаланылады**

При заполнении пункта 1.2 используются дополнительные листы

**5. Айлар бойынша бөліп орналастыру орындары туралы келесі ақпаратты көрсетіңіз**[3]

Укажите информацию по местам размещения в разбивке по следующим месяцам

| **Жол коды** Код строки | **Көрсеткіш атауы** Наименование показателя | **Сәуір** Апрель | **Мамыр** Май | **Маусым** Июнь | **Шілде** Июль | **Тамыз** Август | **Қыркүйек** Сентябрь |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | **Көрсетілген қызмет көлемі, мың теңге** Объем оказанных услуг, тысяч тенге | | | | | | |
| 1.1 | **резиденттерге** резидентам | | | | | | |
| 1.2 | **резидент еместерге** нерезидентам | | | | | | |
| 2 | **Қызмет көрсетілген келушілер саны, адам** Количество обслуженных посетителей, человек | | | | | | |
| 2.1 | **резиденттер** резидентов | | | | | | |
| 2.2 | **резидент еместер** нерезидентов | | | | | | |
| 3 | **2-жолдан түнейтін келушілер (туристер)** из строки 2 ночующие посетители ( туристы) | | | | | | |
| 4 | **Ұсынылған төсек-тәулік (түнеулер), тәулік-төсек** Предоставлено койко-суток (ночевок), койко-суток | | | | | | |
| 5 | **Өткізілген бөлмелер саны, бірлік** Количество сданных номеров, единиц | | | | | | |

**Ескертпе:**

Примечание:

[3] **2017 жылдың 2 және 3 тоқсандарына ғана толтырылады**

Заполняется только за 2 и 3 кварталы 2017 года

**6. Есепті кезеңдегі орналастыру орындарының**

| | |
|---|---|
| **жұмыс істеген күндерінің саны, күндер**<br>Количество дней функционирования мест размещения в отчетном периоде, дни | |

**Атауы**
Наименование_____________________________
_

**Мекенжайы**
Адрес ___________________________________

**Телефон** ______________________

**Электрондық почта мекенжайы (респонденттің)**
Адрес электронной почты (респондента) _____________
______

**Алғашқы деректерді жариялауға келісеміз**[4]
Согласны на опубликование первичных данных

**Алғашқы деректерді жариялауға келіспейміз**[4]
Не согласны на опубликование первичных данных

**Орындаушы**
Исполнитель
______________________________________
**тегі, аты және әкесінің аты**
(бар болған жағдайда)
фамилия, имя и отчество
(при его наличии
______________
телефоны

**Бас бухгалтер**
Главный бухгалтер
______________________________________
**тегі, аты және әкесінің аты**
(бар болған жағдайда)
фамилия, имя и отчество
(при его наличии
______________
**қолы**
подпись

**Басшы**
Руководитель
______________________________________
**тегі, аты және әкесінің аты**
(бар болған жағдайда)
фамилия, имя и отчество
(при его наличии
______________
**қолы**
подпись

Мөрдің орны (бар болған жағдайда
Место для печати (при наличии)

**Ескертпе:**

Прмечание:

[4] **Аталған тармақ "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының** 5-тармағына **сәйкес толтырылады**

Данный пункт заполняется согласно пункту 5 статьи 8 Закона Республики Казахстан "О государственной статистике"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының

2016 жылғы 30 қарашадағы
№ 285 бұйрығына 2-қосымша

# "Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп" (коды 221103001, индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп" (коды 221103001, индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Орналастыру орындарының қызметі туралы есеп" (коды 221103001, индексі 2-туризм, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

1) жұмыскер – жұмыс берушімен еңбек қатынастарында тұратын және жеке еңбек шарты бойынша жұмысты тікелей орындайтын жеке тұлға;

2) маусымдық жұмыстар – климаттық немесе өзге де табиғи жағдайларға байланысты белгілі бір кезең (маусым) ішінде бірақ бір жылдан аспайтын уақытта орындалатын жұмыстар;

3) туристерді орналастыру орындары – мейманханалар, мотельдер, кемпингтер, туристік базалар, қонақжайлар, демалыс үйлері, пансионаттар және туристердің тұруы мен оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да үй-жайлар мен ғимараттар;

4) турист – уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға.

3. Статистикалық нысан бухгалтерлік құжаттар мен алғашқы есепке алу құжаттары деректерінің негізінде толтырылады.

4. 2-бөлімнің А-тармағының 2.3-тармақшасындағы демалыс үйіне регламенттелген режимдегі сауықтыру - алдын-алу сипатындағы қызметтерді ұсынумен демалысқа арналған жағдайды қамтамасыз ететін, рекреациялық аймақта орналасқан орналастыру орны жатады.

2.4-тармақшадағы мотель ретінде автостраданың бойында орналасқан немесе туристік орталықтың құрамына кіретін, автотуристерге арналған қонақ үй танылады.

2.5-тармақшада жайлылығы аз, әдетте демалысқа арналған жағдайды қамтамасыз ететін, рекреациялық аймақта орналасқан, маусымдық сипатта жұмыс істейтін орналастыру орындары көрсетіледі.

2.6-тармақшада балалардың белсенді демалуына арналған маусымдық сипатта жұмыс істейтін орналастыру орындары көрсетіледі.

2.7-тармақшада асхана жабдығы бар немесе толықтай ас үймен жабдықталған , тамақтануға, тұруға және ұйықтауға арналған, толық жабдықталған бөлмелерден тұратын жеке оқшауланған үй-жайлар көрсетіледі.

2.9-тармақшада туристік лагерь мақсатына қарай уақытша немесе тұрақты болып бөлінеді. Туристік контингентіне байланысты (ұйымдастырылмаған, соның ішінде отбасылық, туристер, оқушылар, спорттық сапарға қатысушылар, автотуристер) және альпинистік лагерь, базалық лагерь, бивак, лагерь тұрағы, туристік-сауықтыру лагері болып бөлінеді

2.10-тармақшадағы туристік база ретінде туристерге түнейтін орындардың жоспарлы бағыттарын (бос орындар болғанда жолдамасы жоқ туристерге), тамақтандыруды ұсынатын және оларға туристік-экскурсиялық, мәдени-тұрмыстық және денешынықтыру-сауықтыру қызметін көрсетуді қамтамасыз ететін орналастыру орны танылады.

2.11-тармақшадағы кемпинг автотуристер үшін тұрақпен, дәретханамен және шатырларға арналған орындармен немесе жеңіл типтегі үйлермен жабдықталған орынды білдіреді.

2.12-тармақшаға жаз маусымы кезінде келушілерге берілетін, бір орындық немесе жалпы бөлмелердегі немесе жатақханалардағы уақытша баспана қамтылады.

5. 2-бөлімнің Б-тармағының 1.1-тармақшасында 1 жұлдызды санатындағы қонақ үй тұратындарды орналастыру үшін ең қажет деген қызмет түрлері ғана қарастырылған шағын мекемелер, мекеменің өзі ұйымдастырған, келушілерді орналастыру мен тамақтандыру сияқты базалық қызмет түрлерін ұсынуды білдіреді.

1.2-тармақшадағы 2 жұлдызды санатындағы қонақ үйге тұратындарға қызметтердің стандартталған жиынтығын, соның ішінде қонақ үй аумағындағы кафе немесе мейрамханада тамақтандыру қызметімен қоса, дербес санторaптармен жабдықталған бөлмелерді ұсынатын шағын және орта мекемелер жатады.

1.3-тармақшада 3 жұлдызды санатындағы қонақ үй тұратындарға қызметтердің кең ауқымды жиынтығын көрсететін, соның ішінде мейрамхана (

қонақ үйде орналасқан меймандардан басқа да тұтынушыларға ұсынады) мен бар , бизнес-орталық қызметтерін көрсетумен қатар, жеке телефонмен және дәретханалық керек-жарақтар ұсынылған, дербес санторaптарымен жабдықталған бөлмелерді тазалау қызметтерін көрсететін орта мекемені есептейді.

1.4-тармақшада 4 жұлдызды санатындағы қонақ үй сапалы жиһазбен жабдықталған, бірыңғай дизайнмен безендірілген, кең жатын бөлмелері бар нөмірлерге тәулік бойы қызмет көрсету, химиялық тазарту мен такси, жоғары деңгейлі асхана сервисі бар мейрамхана қызметтері түрлерін жоғары деңгейде көрсететін орта және ірі мекемелерді көрсетеді.

1.5-тармақшада 5 жұлдызды санатындағы қонақ үй халықаралық стандарттар деңгейінде қызметтер ұсынатын, жайлы жағдайда тұруға толығымен жабдықталған бөлмелері бар, жаттығу залдары, жүзу бассейндері, жеке кабинеттері мен банкет және мәжіліс-залдары қызметтерін ұсынатын, арнайы дайындықтан өткен үздіксіз қызмет көрсетуді және мейрамхананың жұмысын жоғары деңгейлі асхана сервисін қамтамасыз ететін қызметкерлері бар орта және ірі мекемелерді білдіреді.

1.6-тармақшада келушілерді орналастырудан басқа қызмет түрлерін ұсынбайтын, қызметі шектеулі шағын мекеме есепке алынады.

6. 3–бөлімнің 1-жолында тізімдік санда, жұмыс берушінің актілерін орындай отырып, жұмысты белгілі бір мамандығы, біліктілігі немесе лауазымы бойынша орындайтын, есепті кезеңде ұйымның тізімінде бар барлық қызметкерлер ескеріледі.

Орташа алғанда есепті кезеңге (тоқсандағы) қызметкерлердің тізімдік саны ұйымның орташа алғанда тоқсандағы жұмыс істеген барлық айларына қызметкерлердің тізімдік санын қосу және алынған соманы үшке бөлу жолымен анықталады.

3-жолда орналастыру орындарын ұсыну бойынша көрсетілген қызмет көлемі көрсетіледі. Егер тұру құны келуші таңғы асты пайдаланған немесе пайдаланбағанына қарамастан, таңғы асты тиісті тарифтің ажырамас бөлігі ретінде қамтыса, онда таңғы ас ұсынумен тұру бойынша көлем қосылған құнға салықты (бұдан әрі – ҚҚС) ескерусіз, бір ондық белгімен, мың теңгеде құндық көріністе келтіріледі.

4-жол бойынша қонақ үй бөлмесі бір, екі және одан да көп бөлмеден тұратын, оқшауланған, жиһазбен жабдықталған, уақытша тұруға тапсырылатын тұрғын үй-жайды білдіреді.

4.1-жол бойынша апартамент негізінде алаңы 40 шаршы метрден кем емес, екі не одан да көп (қонақ үй (асхана), жатын бөлме) бөлмеден тұратын, асхана жабдығы бар орналастыру орнындағы нөмір танылады.

4.2-жол бойынша люкс классты бөлме алаңы 35 шаршы метрден кем емес, екі тұрғын бөлмеден (қонақ бөлмесі және жатын бөлме) тұратын, бір (екі) адамның тұруына арналған орналастыру орнындағы нөмірді білдіреді.

4.3-жол бойынша стандартты бөлмеге бір тұрғын бөлмеден, бір (екі) төсегі бар, толық санитарлық тораппен (ванна (себезгі), қолжуғыш, унитаз) қамтылған бір (екі) адам тұруға есептелген орналастыру орнындағы бөлме жатады.

4.4-жол бойынша жайлылығы жоқ бөлмелерге тұру бойынша ең төмен қызметтер топтамасын ұсынатын, жайлылығы төмен деңгейдегі бөлмелер жатады.

5-жол бойынша бір жолғы сыйымдылық барлық бөлмелердегі орнатылған тұрақты төсек саны бойынша анықталады. Бөлмелердегі уақытша (қосымша) орындар мен үнемі тікелей мақсатында бос болмайтын орындар есепке алынбайды.

6-жол бойынша тапсырылған бөлмелер саны есепті кезеңде тапсырылған бөлмелер санын білдіреді. Мысалы, қонақ үйде 5 бөлме бар, 2 отбасылық жұп 2 бөлмені 7 күнтізбелік күнге жалға алды, бұл жағдайда тапсырылған бөлмелер саны 2 бөлменің 7 күтізбелік күнге көбейтіндісіне тең, ол 14 өткізілген бөлмеге тең.

7-жолда тәулік-төсектің орташа құны - орналастыру орындарында ұсынылған тәулік-төсектен түскен табыстың жалпы сомасының тәулік-төсек санына қатынасы (ондық сансыз ҚҚС есебімен теңгеде). Егер тәулік-төсектің орташа құны тиісті тарифтің ажырамас бөлігі ретінде таңғы асты қамтыса, осы тамақты келуші пайдаланғаны немесе пайдаланбағанына қарамастан, онда тәулік-төсектің орташа құнын таңғы аспен көрсету керек.

7. 4 бөлімде келушілер жөнінде ақпарат көрсетіледі.

Келушіге өзінің әдетте тұратын жерінің шегінен тыс орналасқан қандай-да бір негізгі орынға бір жылдан аз мерзімге елде немесе келу орындарында тіркелген кәсіпорынға жұмысқа орналасу мақсатын қоспағанда, кез-келген мақсатта (іскерлік сапар, демалыс немесе жеке мақсат) сапар жасайтын саяхатшы жатады.

4-бөлімнің 2-бағанындағы жеке мақсаттарға демалыс және дем алу, достар мен туыстарға бару, білім алу және кәсіби дайындық, емдік және сауықтыру емшаралары, дін (қажылық), дүкендерді аралау, транзит сияқты сапарлардың мақсаттары және өзге де мақсаттар жатады.

3-бағандағы іскерлік және кәсіби мақсаттар егер келген елінде немесе орнында өндіруші-резидентпен анық немесе тұспалданатын еңбек жалгерлік қатынастардың белгілері болмаса, өз бетінше жұмыспен қамтылған тұлғалардың және жалдамалы жұмыскерлердің қызметі, инвесторлардың, бизнесмендердің қызметін көрсетеді. Іскерлік және кәсіби мақсаттарға мыналар жатады:

кеңестерге, конференцияларға, жәрмеңкелер мен, көрмелерге қатысу, дәрістер оқу, концерттер, қойылымдар мен спектакльдер қою, ғылыми қолданбалы немесе іргелі зерттеулерге қатысу, тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді жарнамалау, туристік саяхаттар бағдарламаларын құрастыру, орналастыру және көлік қызметтері бойынша қызметтерді ұсынуға шарттар жасасу, кәсіби спорттық іс-шараларға қатысу, ресми немесе бейресми кәсіби дайындық курстарына өндірістен қол үзбей қатысу, жеке көлік құралдарына (корпоративті ұшақ, яхта) экипаж (команда) құрамындағы жұмыс.

5-баған бойынша ұсынылған тәулік-төсек тұрақты орындардың қолданылған санын көрсететін түнеуді білдіреді және тұратындарды есепке алу кітабы негізінде анықталады.

Тоқсан ішінде деректерді жинаудың анықтығы үшін орналастыру орындарына қонақтардың орналастыру орнына келген кезде қонақтарды есепке алу карточкасын толтыруын немесе күнделікті есепке алу кітабында келушінің ТАӘ (болған жағдайда), бөлмеде тұратындар саны, олардың тұрғылықты тұратын орны немесе елі, сапардың мақсаты, келушінің келу және шығу күні және уақыты бойынша жүргізуді тәжірибеге енгізуді ұсынамыз.

8. Респондентте есепті кезеңде осы статистикалық нысан бойынша деректер болмаған жағдайда респондент ағымдағы кезеңнің аяқталатын күнінен кешіктірмей нөлдік көрсеткіштермен статистикалық нысанды (дерексіз нысан) ұсынады .

9. Осы статистикалық нысанды тапсыру қағаз тасығышта және электронды форматта жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электронды форматта толтыру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті интернет-ресурсындағы (www.stat.gov.kz) "Деректерді

on-line режимде жинау" ақпараттық жүйесін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының
2016 жылғы 30 қараша
№ 285 бұйрығына 3-қосымша

**Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді**
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

**Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны**

Приложение 3
к приказу Председателя
Комитета по статистике
Министерства
национальной экономики
Республики Казахстан
от 30 ноября 2016 года № 285

Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

**Аумақтық статистика органына тапсырылады**
Представляется территориальному органу статистики

**Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады**
Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz

| **Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)**<br>Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести) | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1 сағатқа дейін**<br>до 1 часа | 1-2 | 2-4 | 4-8 | 8-40 | **40 сағаттан арт**<br>более 40 часов |

**Статистикалық нысан коды 222112003**
Код статистической формы 222112003

**Н-050**

**Үй шаруашылықтарының сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы**
Анкета обследования домашних хозяйств о расходах на поездки

**Жылдық**
Годовая

**Есепті кезең**
Отчетный период

**Байқауға іріктемеге түскен үй шаруашылықтары қатысады**
В наблюдении принимают участие домашние хозяйства, попавшие в выборку

**Интервьюерлер тапсыратын мерзім - 15 қаңтарға (қоса алғанда) дейін.**
Срок представления интервьюерами - до 15 января (включительно).

| | | |
|---|---|---|
| 1. | **Аумақтың атауы (елді мекеннің)**<br>Наименование территории (населенного пункта) ______________________ | |
| 2. | **Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (бұдан әрі - ӘАОЖ) сәйкес елді мекеннің коды**<br>Код населенного пункта согласно Классификатору административно-территориальных объектов (далее – КАТО). | |
| 3. | **Елді мекеннің түрі (қала, ауыл)**<br>Тип населенного пункта (1 - город, 2 село)……………………………………………………… | |
| 4. | **Даңғыл, көше, алаң, тұйық көше**<br>Проспект, улица, площадь, переулок___________________ | |
| 5. | **Үйдің жеке (ID) коды**<br>Индивидуальный код (ID) дома | |
| | **Пәтердің жеке (ID) коды** | |

| | | |
|---|---|---|
| 6. | Индивидуальный код (ID) квартиры | |
| 7. | **Бланкінің реттік нөмірі**<br>Порядковый номер бланка | |
| 8. | **Бланкінің реттік нөмірі**<br>Порядковый номер бланка | |
| 9. | **Сұхбат жүргізу күні күні айы жыл**<br>Дата проведения интервью число месяц год | |

Құрметті респонденттер, келесі сұрақтарға жауап беруіңізді өтінеміз

Уважаемые респонденты, пожалуйста, ответьте на нижеследующие вопросы

## 1. Сапар туралы жалпы мәліметтер

Общие сведения о поездке

| | |
|---|---|
| **1.1 Сіз есепті кезең ішінде сапарға шықтыңыз ба?**<br>Вы в течение отчетного периода совершали поездку? | 1) **иә** ☐ да<br>2) **жоқ** ☐ нет |
| **1.2 Сіз есепті кезең ішінде қандай себептермен сапарға барған жоқсыз**<br>Укажите по каким причинам Вы в течение отчетного периода не совершали поездок | 1) **қаржылық себептер бойынша** ☐ по финансовым причинам<br>2) **отбасылық міндеттемелерге байланысты бос уақыттың болмауынан** ☐ из-за отсутствия свободного времени в связи с семейными обязательствами<br>3) жұмыс немесе оқуға байланысты бос уақыттың болмауынан ☐ из-за отсутствия свободного времени в связи с работой или учебой<br>4) денсаулыққа байланысты немесе қозғалудың шектеулігіне байланысты ☐ по состоянию здоровья или в связи с ограниченной подвижностью<br>**5) үйде қалғанды қалаймын, саяхаттауға ынтам жоқ** ☐ предпочитаю оставаться дома, нет желания путешествовать<br>**6) басқа себептер** ☐ |

| | |
|---|---|
| | иные причины |
| **1.3 Сізді қоса алғанда сіздің үй шаруашылығыңыздан неше адам сапарға шыққанын көрсетіңіз** Сколько человек из вашего домашнего хозяйства, включая Вас, участвовало в поездке | **1) барлығы** ☐☐ всего **одан:** из них: 1.1) әйелдер ☐☐ женщины 1.2) **15 жасқа дейінгі балалар** ☐☐ дети до 15 лет |
| **1.4 Сіз сапарда болдыңыз?** Вы совершали поездку? | **1) ел ішінде (ауыл, аудан, қаланың атауын жазыңыз)** внутри страны (напишите название села, района, города) ☐ **ӘАОЖ сәйкес аумақ коды (статистика органының қызметкерлері толтырады)** Код территории согласно КАТО (заполняется работниками органа статистики) ☐☐☐☐☐ **2) шетелге (елдің атауын жазыңыз)** за границу (напишите название страны) ☐ **Ел коды (статистика органының қызметкері толтырады)** Код страны (заполняется работником органа статистики) ☐☐☐ |
| **1.5 Сіздің сапарыңыздың бір негізгі мақсатын көрсетіңіз. Егер сапар бірлескен болса ( демалыс және дүкен аралау), онда осы үшін Сіз сапар** | **1) еңбек демалысы және демалыс** отпуск и отдых ☐ **2) туыстар мен достарға бару** посещение друзей и родственников ☐ **3) білім алу және кәсіби дайындық** образование и профессиональная подготовка ☐ **4) емдік және сауықтыру емшаралары** лечебные и оздоровительные процедуры ☐ |

| | |
|---|---|
| **жасаған мақсат – негізгі болып табылады**<br>Укажите одну основную цель Вашей поездки. Если поездка была совмещенная (отдых и посещение магазинов), то основная цель поездки - это цель, без которой Вы не совершили бы поездку | **5) дін және қажылық**<br>религия и паломничество<br>☐<br><br>**6) дүкендерді аралау**<br>посещение магазинов<br>☐<br><br>**7) транзит**<br>транзит<br>☐<br><br>**8) іскерлік және кәсіби**<br>деловые и профессиональные<br>☐<br><br>**9) өзге де мақсаттар**<br>прочие цели<br>☐ |
| **1.6 Сіз түнедіңіз бе**?<br>Вы осуществляли ночевки? | **1) иә**<br>да<br>☐<br><br>**2) жоқ**<br>нет<br>☐ |
| **1.7 Болған түндер санын көрсетіңіз**<br>Укажите количество проведенных ночей | ☐☐☐ |
| **1.8 Сіз осы сапарға туристік жолдаманы сатып алдыңыз ба?**<br>Приобретали ли Вы туристскую путевку для этой поездки? | **1) иә**<br>да<br>☐<br><br>**2) жоқ**<br>нет<br>☐ |
| | **1.барлығы**<br>всего<br>☐☐☐☐☐☐<br><br>соның ішінде: |

| | |
|---|---|
| **1.11 Көліктің негізгі түрін көрсетіңіз ( көліктің негізгі түрі – бұл Сіз көбірек жол жүріп өткен көлік) ( шығу және ішкі келушілер толтырады )**<br>Укажите основной вид транспорта ( основной вид транспорта – это транспорт, на котором Вы преодолели наибольшее расстояние) ( заполняют выездные и внутренние посетители) | воздушный транспорт<br>☐<br><br>2) **су көлігі**<br>водный транспорт<br>☐<br><br>3) **теміржол көлігі**<br>железнодорожный транспорт<br>☐<br><br>4) **қалааралық автобус**<br>междугородный автобус<br>☐<br><br>5) **жеке меншік автокөлік**<br>собственная автомашина<br>☐<br><br>6) **жалға алынған автокөлік құралдары**<br>☐<br><br>автотранспортные средства, взятые на прокат |
| **1.12 Сіз Қазақстан көлік компаниясының қызметін пайдаландыңыз ба? ( шығу және ішкі келушілері толтырады)**<br>Вы пользовались услугами казахстанской транспортной компании? ( заполняют выездные и внутренние посетители) | **1) иә**<br>да<br>☐<br><br>2) **жоқ**<br>нет<br>☐ |
| | **1) қонақ үй**<br>гостиница<br>☐<br><br>2) **мотель**<br>☐ |

| | |
|---|---|
| **1.13 Сіз тоқтаған негізгі орналастыру орнын көрсетіңіз. Егер Сіз бірнеше орналастыру орнында тоқтасаңыз, онда Сіз көбірекболған орын негізгі орналастыруорны болып көрсетіледі**<br>Укажите основное место размещения, в котором Вы останавливались. Если Вы останавливались в нескольких местах размещениях, то указывается основное место размещения, в котором Вы пребывали в течение наибольшего срока | 3) **санаторий**<br>☐<br><br>4) **туристік база**<br>☐<br><br>туристская база<br>5) **демалыс үйі**<br>дом отдыха<br>☐<br><br>6) **қала сыртындағы үй**<br>загородный дом<br>☐<br><br>7) **туыстар немесе таныстармен тегін ұсынылған орналасу**<br>размещение, предоставляемое бесплатно родственниками или знакомыми<br>☐<br><br>8) **жалға алынған пәтер (үй)**<br>съемная квартира (дом)<br>☐<br><br>9) **басқа тұрғын үй түрлері (атауын көрсетіңіз)**<br>другие виды жилья (укажите наименование)<br>☐ |

**2. Шығыстарды көрсетіңіз (туристік жолдама алмаған респонденттер толтырады, сондай-ақ респонденттердің туристік жолдама құнына кірмеген шығыстары көрсетіледі), теңгемен**

Укажите расходы (заполняются респондентами, не приобретавшими туристскую путевку, а также указываются расходы респондентов, не вошедшие в стоимость туристской путевки), в тенге

| **Жол коды**<br>Код строки | **Атауы**<br>Наименование | **Сапарға дейін**<br>До поездки | **Сапар кезінде**<br>В ходе поездки | **Барлығы**<br>Всего |
|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 |
| | **Сапарды жүзеге асыру үшін Сіз қанша ақша жұмсадыңыз, барлығы** | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Какую сумму денег Вы израсходовали на осуществление поездки, всего | | | |
| 1.1 | **паспорт және визаны алуға**<br>получение паспорта и визы | | | |
| 1.2 | сақтандыру<br>страховка | | | |
| 1.3 | **тұру**<br>проживание | | | |
| 1.4 | **халықаралық тасымалды қоспағанда көлік қызметтеріне төлем**<br>оплата услуг транспорта, за исключением международных перевозок | | | |
| 1.4.1 | **көлік құралдарын жалға алу**<br>аренда транспортных средств | | | |
| 1.5 | **туристік агенттіктер және операторлардың қызметтері**<br>услуги туристских агентств и операторов | X | | |
| 1.6 | **дүкендерде өнімдерді сатып алуды қоса алғанда, тамақтану**<br>питание, включая покупку продуктов в магазинах | | | |
| 1.6.1 | **мейрамхана және кафелерде тамақтану**<br>питание в ресторанах и кафе | | | |
| 1.7 | **киім және аяқ киім буйымдары**<br>предметы одежды и обуви | X | | |
| 1.8 | **базарлық және сыйлықтар**<br>сувениры и подарки | X | | |
| 1.9 | **техника**<br>техника | X | | |
| 1.10 | **тоқыма тауарлары (кілем, төсек-орын жапқыш және сол сияқтылар)**<br>текстильные товары (ковры, пледы и тому подобное) | X | | |
| 1.11 | **жанармай (жеке автомобильмен немесе жалға алынған автокөлік құралдарымен жүрген жағдайда)**<br>топливо (в случае передвижения на собственном автомобиле или на автотранспортных средствах, взятых на прокат) | | | |
| 1.12 | **өзге тауарларды сатып алу**<br>покупка прочих товаров | X | | |
| 1.13 | **белгілі бір құндылығы бар бұйымдар: асыл металдар және тастар ( гауһар тас, алтын, күміс), антиквариат, көркем өнер туындылары және басқа құндылықтарды сатып алу**<br>приобретение изделий, обладающих определенной ценностью: драгоценные металлы и камни (бриллианты, золото, серебро), антиквариат, предметы художественного искусства и другие ценности | X | | |
| 1.14 | **рекреациялық және спорттық іс-шаралар**<br>рекреационные и спортивные мероприятия | X | | |
| 1.15 | **мәдени қызметтер**<br>услуги культурные | X | | |
| 1.16 | **емдік және сауықтыру емшаралары**<br>лечебные и оздоровительные процедуры | X | | |
| 1.17 | **өзге де шығыстар**<br>прочие расходы | | | |

**3. Астана қаласындағы 2017 жылғы 10 маусымнан бастап 10 қыркүйекке дейін өткізілетін**

**2017 жылғы халықаралық көрме (бұдан әрі - ЭКСПО - 2017) бойынша сұрақтар**

Вопросы по всемирной выставке 2017 года (далее – ЭКСПО – 2017) в г. Астане, которая будет проводиться с 10 июня по 10 сентября 2017 года

**3.1 Сіз Астана қаласында Халықаралық мамандандырылған ЭКСПО – 2017 көрмесінің өткізілетіні туралы білесіз бе?**

Вы знаете о проведении Международной специализированной выставки ЭКСПО – 2017 в г. Астане?

| | |
|---|---|
| 1) **Иә** 3.2-тармақ және әрі қарай<br>Да<br>☐<br>→<br>3.2 и далее | 2) **Жоқ** 3.3-тармақ және әрі қарай<br>Нет<br>☐<br>→<br>3.3 и далее |

**3.2 Сіз Астана қаласындағы ЭКСПО - 2017 туралы қандай дереккөздерден білдіңіз?**

Из каких источников Вы узнали про ЭКСПО - 2017 в г. Астане?

**3.2.1 теледидар**
телевидение ☐

**3.2.2 радиостанция** ☐

**3.2.3 газеттер және журналдар**
газеты и журналы ☐

**3.2.4 Интернет** ☐

**3.2.5 сыртқы жарнама**
наружная реклама ☐

**3.2.6 басқа дереккөздер**
другие источники ☐

**3.3 Сіз Астана қаласындағы ЭКСПО – 2017-ге қатысуды жоспарлаудасыз ба?**

Планируете ли Вы посетить ЭКСПО - 2017 в г. Астане?

| 1) Иә | 2) Бәлкім | 3) Айта алмаймын |
|---|---|---|
| Да | Может быть | Не могу сказать |
| ☐ | ☐ | ☐ |

**3.4 Сіздің үй шаруашылығыңыздан неше адам ЭКСПО-2017 қатысуды жоспарлап отыр?**

Сколько человек Вашего домашнего хозяйства планируют посетить ЭКСПО - 2017?

☐☐

**3.5 Неше күнге келуді жоспарлайсыз**?

На сколько дней планируете свой приезд?

| 1) 1 күнге | 2) 2 күнге | 3) 3 күнге | 4) 3 күннен аса |
|---|---|---|---|
| на 1 день | на 2 дня | 3 дней | на 3 дня более |
| ☐ | ☐ | ☐ | ☐ |

**3.6 Қай жерде тоқтауды жоспарлайсыз?**

Где планируете остановиться?

**3.6.1 қонақ үй**
гостиница ☐

**3.6.2 туыстар немесе таныстармен тегін ұсынылған орналасу**
размещение, предоставляемое бесплатно родственниками или знакомыми ☐

**3.6.3 жалға алынған пәтер (үй)**
съемная квартира (дом) ☐

**3.6.4 басқа тұрғын үй түрлері**
другие виды жилья ___________________
(атауын көрсетіңіз)
(укажите
наименование) ☐

**3.7 ЭКСПО – 2017-ге қатысу үшін Астана қаласына дейін қандай көлік түрімен жетесіз?**

Каким видом транспорта будете добираться до г. Астаны для посещения ЭКСПО - 2017?

**3.7.1 әуе көлігі**
воздушный транспорт ☐

**3.7.2 теміржол көлігі**
железнодорожный транспорт ☐

**3.7.3 қалааралық автобус**
междугородный автобус ☐

**3.7.4 жеке меншік автокөлік**
собственная автомашина ☐

**3.7.5 жалға алынған автокөлік құралдары**
автотранспортные средства, взятые на прокат ☐

**3.8 Басқа қай жерге баруды жоспарлайсыз (Астана қаласына жақын облыстар және елді мекендер)**?

Куда еще планируете поехать (области и населенные пункты, ближайшие к г. Астане)?

**Ақмола облысы** ☐
Акмолинская область
1.1) Бурабай к
п. Бурабай ☐

**2) Қарағанды облысы** ☐
Карагандинская область

3) Басқа
Другое ___________________ ☐
(атауын көрсетіңіз)
(укажите наименование

**3.9 Сіз Астана қаласындағы ЭКСПО – 2017 павильондарын аралау үшін билетті қандай бағада алғыңыз келеді?**

За какую цену вы хотите купить билет на посещение павильонов ЭКСПО - 2017 в г. Астане?

3.8.1 **3000-нан 5000 теңгеге дейін**
от 3000 до 5000 тенге ☐

3.8.2 **5000-нан 7000 теңгеге дейін**
от 5000 до 7000 тенге ☐

**7000-нан теңгеден жоғары**

| | | |
|---|---|---|
| 3.8.3 | свыше 7000 тенге | ☐ |

**3.10 ЭКСПО-2017 көрмесіне барғанда қандай шығыстарды жұмсауды жоспарлайсыз?**

Какие планируете расходы при посещении ЭКСПО - 2017 в г. Астане?

| | |
|---|---|
| **3.10.1. Барлығы** Всего | |
| одан: из него: | |
| **3.10.1.1 тұру** проживание | |

**3.11 Астана қаласындағы ЭКСПО – 2017-де қандай кәдесыйларды алғыңыз келеді?**

Какие сувениры хотите приобрести на ЭКСПО - 2017 в г. Астане?

| | | |
|---|---|---|
| 3.11.1 | **ЭКСПО – 2017-нің символикасымен** с символикой ЭКСПО - 2017 | ☐ |
| 3.11.2 | **Астана қаласының символикасымен** с символикой города Астаны | ☐ |
| 3.11.3 | **Қазақстанның символикасымен** с символикой Казахстана | ☐ |
| 3.11.4 | **басқа кәдесыйлар** другие сувениры | ☐ |

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының
2016 жылғы 30 қарашадағы
№ 285 бұйрығына 4-қосымша

## "Үй шаруашылықтарын сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы" (коды 222112003, индексі H-050, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Үй шаруашылықтарын сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы" (коды 222112003, индексі H-050, кезеңділігі жылдық)

жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленген және "Үй шаруашылықтарын сапарларға жұмсаған шығыстары туралы зерттеу сауалнамасы" (коды 222112003, индексі Н-050, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Келесі анықтама осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қолданылады:

турист – уақытша болатын елге (жерге) жиырма төрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға.

3. Зерттеу үй шаруашылығы мүшелерінен пікіртерім алу және мәліметтерді осы статистикалық нысанға жазу жолымен жүргізіледі.

Сауалнама сұрақтарына 18 жастан асқан респондент жауап береді. Сауалнама үй шаруашылықтарының іріктеме жиынтығына түскен әрбір жеке алынған үй шаруашылығына толтырылады.

Егер үй шаруашылығы бір жыл ішінде бірнеше сапар жасаса, онда әрбір сапарға бөлек сауалнама толтырылады. Егер үй шаруашылығының мүшелері бір бірінен бөлек сапарда болса, онда әрбір сапарға бөлек сауалнама толтырылады.

Сұралынып жатқан респондентті қосқандағы үй шаруашылығының барлық мүшелерінің шығыстары есептелінеді.

Отбасының барлық мүшелерінің шығыстар көлемі (оның ішінде 15 жасқа дейінгі балалардың) қосынды түрде көрсетіледі.

4. 1-бөлімнің 1.4-тармағында ішкі туризм кезінде 1) тармақша, ал шығу туризмінде 2) тармақша толтырылады. Егер сапарда респонденттер екі немесе одан да көп орындарда болса немесе бірнеше елге барса, онда көбірек түнеген орын негізгі болу орны болып саналады. Түнеген күндерінің саны бірдей болса, онда негізгі болу орны болып, респонденттің тұрғылықты тұратын жерінен анағұрлым қашық жердей орын табылады.

